

**М.Өтемісов атындағы Батыс
Қазақстан университетінің
кезектен тыс
ғылыми кеңесінің
№2 ХАТТАМАСЫ
28 қазан 2025 ж.**

**Западно-Казахстанский
университет им. М.Утемисова
заседание внеочередного
ученого совета
ПРОТОКОЛ №2
28 октября 2025 г.**

Өткен орны: 205-мәжіліс залы

Кеңес төрағасының орынбасары: Г.С. Қайсағалиева

Ғылыми хатшы: А.С. Ниетова

Қатысқандар: ғылыми кеңестің 17 мүшесі

Қатыспағандар: 4 (себепті)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын №АР19675960 «Батыс Қазақстандағы жыландардың таралуы, генетикалық әртүрлілігі және сақталуы» тақырыбындағы ғылыми жобаның орындалуы туралы қорытынды есепті бекіту туралы. *Қ.М. Ахмеденов - жоба жетекшісі*
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын № АР19676441 «Жайық-Каспий өңірінің әдеби мұрасы мен қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті» тақырыбындағы ғылыми жобаның орындалуы туралы қорытынды есепті бекіту туралы. *З.Ж. Мутиев - жоба жетекшісі*
3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын № АР19174780 «Солтүстік-шығыс Каспий маңының Алтын Орда дәуіріндегі тарихи географиясы» тақырыбындағы ғылыми жобаның орындалуы туралы қорытынды есепті бекіту туралы. *Д.З. Сагидуллаев - жоба жетекшісі*
4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын № АР19177208 «Батыс Қазақстандағы қазбалы теңіз бауырымен жорғалаушылардың биоәртүрлілігін зерттеу» тақырыбындағы ғылыми жобаның орындалуы туралы қорытынды есепті бекіту туралы. *Д.Б. Якупова - жоба жетекшісі*
5. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын № АР23483830 «Форсайт тұжырымдамасы тұрғысынан Батыс Қазақстан көлдерінің жұмыс істеуінің экогидрологиялық детерминанттары» тақырыбындағы ғылыми жобаның орындалуы туралы қысқаша ақпаратты бекіту туралы. *Қ.М. Ахмеденов - жоба орындаушысы*
6. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын № АР25796529 «Шредингер типіндегі локальды емес сызықты емес тендеулердің интегралдануын және олар-

дың РТ-симметриялы шешімдерін зерттеу» тақырыбындағы ғылыми жобаның орындалуы туралы қысқаша ақпаратты бекіту туралы. *З.А. Закариева - жоба жетекшісі*

7. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын № AP27510713 «Жер үсті және жер асты суларының экожүйелерінде антибиотикрезистентті шартты-патогенді бактериялардың таралуын бағалау» тақырыбындағы ғылыми жобаның орындалуы туралы қысқаша ақпаратты бекіту туралы. *С.С. Бакиев - жоба жетекшісі*
8. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын № BR28712767 «Орал өңірінің экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық-географиялық, палеобиогеографиялық аспектілерін зерттеу және оның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау» тақырыбындағы ғылыми техникалық бағдарламаның орындалуы туралы аралық есепті бекіту туралы. *Т.Е. Дарбаева - жоба жетекшісі*

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын №AP19675960 «Батыс Қазақстандағы жыландардың таралуы, генетикалық әртүрлілігі және сақталуы» тақырыбындағы жобаның жетекшісі, г.ғ.к., профессор Қ.М.Ахмеденов орындалған ғылыми зерттеу жұмыстары туралы қорытынды есеп беріп, жасалған жұмыстардың барысына тоқтала отырып, ғылыми кеңес мүшелерінен аталған есепті бекітуді сұрады (есеп мәтіні тіркелді).

Кеңес төрағасының орынбасары Г.С.Қайсағалиева – негізгі мақсаттың бірі әдістемелік нұсқаулық дайындау екен сол дайындалды ма?

Жоба жетекшісі Қ.М.Ахмеденов – иә, жоба аясында орындалған магистрлік диссертациялардың нәтижесінде үш әдістемелік нұсқаулық дайындалды.

Кеңес төрағасының орынбасары Г.С.Қайсағалиева ғылыми кеңес мүшелерінің жоба жетекшісіне басқалай сұрағы бар ма деп сұрап, өзге сұрақ, пікір болмаса есепті бекітуді ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері өздерінің №AP19675960 «Батыс Қазақстандағы жыландардың таралуы, генетикалық әртүрлілігі және сақталуы» тақырыбындағы жобаның қорытынды есебімен алдын ала танысқандарын айтып, есепті бекіту туралы ұсынысты дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын № AP19675960 «Батыс Қазақстандағы жыландардың таралуы, генетикалық әртүрлілігі және сақталуы» тақырыбындағы (ғылыми жетекшісі: г.ғ.к., профессор Қ.М. Ахмеденов) ғылыми жобаның орындалуы туралы қорытынды есеп бекітілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын №АР19676441 «Жайық-Каспий өңірінің әдеби мұрасы мен қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті» тақырыбындағы жобаның жетекшісі ф.ғ.к., доцент З.Ж.Мутиев орындалған ғылыми зерттеу жұмыстары туралы қорытынды есеп беріп, жасалған жұмыстардың барысына тоқтала отырып, ғылыми кеңес мүшелерінен аталған есепті бекітуді сұрады (есеп мәтіні тіркелді).

Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.М. Ахмеденов – зерттеу барысында проза мен поэзияда қай жанрлар басым екенін байқадыңыздар?

Жоба жетекшісі З.Ж. Мутиев – қазір прозада роман жанры аз, новелла, әңгіме, эссе, повесть сияқты шағын жанрлар, ал поэзияда нәзік лирика басым.

Кеңес төрағасының орынбасары Г.С. Қайсағалиева ғылыми кеңес мүшелерінің жоба жетекшісіне басқалай сұрағы бар ма деп сұрап, өзге сұрақ, пікір болмаса есепті бекітуді ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері өздерінің №АР19676441 «Жайық-Каспий өңірінің әдеби мұрасы мен қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті» тақырыбындағы жобаның қорытынды есебімен алдын ала танысқандарын айтып, есепті бекіту туралы ұсынысты дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын №АР19676441 «Жайық-Каспий өңірінің әдеби мұрасы мен қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті» тақырыбындағы (ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент З.Ж. Мутиев) ғылыми жобаның орындалуы туралы қорытынды есеп бекітілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын №АР19174780 «Солтүстік-Шығыс Каспий маңының Алтын Орда дәуіріндегі тарихи географиясы» тақырыбындағы жобаның жетекшісі философия докторы (PhD) Д.З. Сагидуллаев орындалған ғылыми зерттеу жұмыстары туралы қорытынды есеп беріп, жасалған жұмыстардың барысына тоқтала отырып, ғылыми кеңес мүшелерінен аталған есепті бекітуді сұрады (есеп мәтіні тіркелді).

Кеңес мүшесі Қ.Р. Қажымова – скопус қорына енетін басылымдарда мақала жарияладыңыз ба?

Жоба жетекшісі Д.З. Сагидуллаев – бізде 2 мақала скопус қорына енетін басылымда немесе Комитет ұсынатын басылымдарда 5 мақала мен монография жариялау жөнінде таңдау болды, біз соның екіншісін таңдап, Комитет ұсынатын басылымдарда мақала мен монография жарияладық.

Кеңес мүшесі А.А. Ақболатов – бұл орындардың Алтын Орда дәуіріне жататынын қалай дәлелдеңіздер?

Жоба жетекшісі Д.З. Сагидуллаев – бұл жерлерден табылған керамикаларға қарап анықтадық.

Кеңес төрағасының орынбасары Г.С. Қайсағалиева ғылыми кеңес мүшелерінің жоба жетекшісіне басқалай сұрағы бар ма деп сұрап, өзге сұрақ, пікір болмаса есепті бекітуді ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері өздерінің №АР19174780 «Солтүстік-Шығыс Каспий маңының Алтын Орда дәуіріндегі тарихи географиясы» тақырыбындағы жобаның қорытынды есебімен алдын ала танысқандарын айтып, есепті бекіту туралы ұсынысты дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын №АР19174780 «Солтүстік-Шығыс Каспий маңының Алтын Орда дәуіріндегі тарихи географиясы» тақырыбындағы (ғылыми жетекшісі: PhD доктор Д.З. Сагидуллаев) ғылыми жобаның орындалуы туралы қорытынды есеп бекітілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын №АР19177208 «Батыс Қазақстандағы қазбалы теңіз бауырымен жорғалаушылардың биоәртүрлілігін зерттеу» тақырыбындағы жобаның жетекшісі химиялық экология магистрі Д.Б. Якупова орындалған ғылыми зерттеу жұмыстары туралы қорытынды есеп беріп, жасалған жұмыстардың барысына тоқтала отырып, ғылыми кеңес мүшелерінен аталған есепті бекітуді сұрады (есеп мәтіні тіркелді).

Кеңес төрағасының орынбасары Г.С. Қайсағалиева – 3 жылғы жұмыстың қорытынды есебі берілді, күтілетін нәтижелер толық орындалды ма? Жоба нәтижесінде жарияланған ғылыми мақалаларда авторлар құрамында білім алушылар бар ма?

Жоба жетекшісі Д.Б. Якупова – иә, барлық жоспарланған жұмыстарымыз толықтай орындалды. Жарияланған мақалалар авторларының құрамында магистранттар да, студенттер де бар.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.М. Ахмеденов аталған жоба жас ғалым жобасының аясында орындалғандықтан жоба жетекшісіне қойылған негізгі талаптың біреуі диссертация қорғау болғанын айта келе, Д.Б. Якупованың 21.05.2025 ж. Қазан Федералды университетінен алдын ала қорғаудан өткенін атап көрсетті.

Кеңес төрағасының орынбасары Г.С. Қайсағалиева барлық жоба жетекшілеріне жобаны орындаушылар құрамында және авторлық куәліктер мен патент авторларының қатарында білім алушылардың болуы, маңызды көр-

сеткіштердің бірі екенін атап көрсете келе, ғылыми кеңес мүшелерінің жоба жетекшісіне басқалай сұрағы бар ма деп сұрап, өзге сұрақ, пікір болмаса есепті бекітуді ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері өздерінің №АР19177208 «Батыс Қазақстандағы қазбалы теңіз бауырымен жорғалаушылардың биоәртүрлілігін зерттеу» тақырыбындағы жобаның қорытынды есебімен алдын ала танысқандарын айтып, есепті бекіту туралы ұсынысты дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын №АР19177208 «Батыс Қазақстандағы қазбалы теңіз бауырымен жорғалаушылардың биоәртүрлілігін зерттеу» тақырыбындағы (ғылыми жетекшісі: химиялық экология магистрі Д.Б. Якупова) ғылыми жобаның орындалуы туралы қорытынды есеп бекітілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын АР23483830 «Форсайт тұжырымдамасы тұрғысынан Батыс Қазақстан көлдерінің жұмыс істеуінің экогидрологиялық детерминанттары» тақырыбындағы жобаның жетекшісі, б.ғ.к., профессор Н.Х.Серғалиевтың іссапарда болуына байланысты жоба орындаушысы г.ғ.к., профессор Қ.М.Ахмеденов 2025 жылы орындалған ғылыми зерттеу жұмыстары туралы қысқаша ақпарат беріп, жасалған жұмыстардың барысында тоқтала отырып, ғылыми кеңес мүшелерінен аталған ақпарат бекітуді сұрады (ақпарат мәтіні тіркелді)

Кеңес төрағасының орынбасары Г.С. Қайсағалиева – 2025 жылға жоспарланған жұмыстар толық орындалды ма?

Жоба орындаушысы Қ.М.Ахмеденов – 2025 жылға жоспарланған жұмыстар толық орындалды.

Кеңес төрағасының орынбасары Г.С. Қайсағалиева ғылыми кеңес мүшелерінің жоба жетекшісіне басқалай сұрағы бар ма деп сұрап, өзге сұрақ, пікір болмаса есепті бекітуді ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері АР23483830 «Форсайт тұжырымдамасы тұрғысынан Батыс Қазақстан көлдерінің жұмыс істеуінің экогидрологиялық детерминанттары» тақырыбындағы жобаның 2025 жылғы орындалуы туралы қысқаша ақпаратпен алдын ала танысқандарын айтып, оны бекіту туралы ұсынысты дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын АР23483830 «Форсайт тұжырымдамасы тұрғысынан Батыс Қазақстан көлдерінің жұмыс істеуінің экогидрологиялық детерминанттары» тақырыбындағы (ғылыми жетекшісі: б.ғ.к., профессор Н.Х. Серғалиев) ғылыми жобаның 2025 жылғы орындалуы туралы қысқаша ақпарат бекітілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын № AP25796529 «Шредингер типіндегі локальды емес сызықты емес тендеулердің интегралдануын және олардың РТ-симметриялы шешімдерін зерттеу» тақырыбындағы жобаның жетекшісі, педагогика ғылымдарының магистрі З.А. Закариева 2025 жылы орындалған ғылыми зерттеу жұмыстары туралы қысқаша ақпарат беріп, жасалған жұмыстардың барысында тоқтала отырып, ғылыми кеңес мүшелерінен аталған ақпарат бекітуді сұрады (ақпарат мәтіні тіркелді)

Кеңес төрағасының орынбасары Г.С. Қайсағалиева – бір жылғы жұмыс барысында жоспарланған жеке орындалды ма?

Жоба жетекшісі З.А. Закариева – иә, барлық жоспарланған жұмыстар орындалды, оған қоса жоспардан тыс зерттеу нәтижелері дайын болғасын скопус қорына енетін басылымда бір мақала жарияланды.

Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.М.Ахмеденов - скопус қорына енетін басылымдағы мақалада жобаға сілтеме жасадыңыздар ма?

Жоба жетекшісі З.А. Закариева – иә, жобаға сілтеме жасалды.

Кеңес төрағасының орынбасары Г.С. Қайсағалиева ғылыми кеңес мүшелерінің жоба жетекшісіне басқалай сұрағы бар ма деп сұрап, өзге сұрақ, пікір болмаса есепті бекітуді ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері № AP25796529 «Шредингер типіндегі локальды емес сызықты емес тендеулердің интегралдануын және олардың РТ-симметриялы шешімдерін зерттеу» тақырыбындағы жобаның 2025 жылғы орындалуы туралы қысқаша ақпаратпен алдын ала танысқандарын айтып, оны бекіту туралы ұсынысты дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын № AP25796529 «Шредингер типіндегі локальды емес сызықты емес тендеулердің интегралдануын және олардың РТ-симметриялы шешімдерін зерттеу» тақырыбындағы (ғылыми жетекшісі: педагогика ғылымдарының магистрі З.А. Закариева) «Жас ғалым» ғылыми жобасының 2025 жылғы орындалуы туралы қысқаша ақпарат бекітілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі жетінші мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын № AP27510713 «Жер үсті және жер асты суларының экожүйелерінде антибиотикрезистентті шартты-патогенді бактериялардың таралуын бағалау» тақырыбындағы жобаның жетекшісі, философия докторы (PhD) С.С.Бакиев 2025 жылы орындалған ғылыми зерттеу жұмыстары туралы қысқаша ақпарат беріп, жасалған жұмыстардың барысында тоқтала отырып, ғылыми кеңес мүшелерінен аталған ақпаратты бекітуді сұрады (ақпарат мәтіні тіркелді)

Кеңес төрағасының орынбасары Г.С. Қайсағалиева – 2025 жылғы жоспар орындалды ма?

Жоба жетекшісі С.С. Бакиев – иә, толығымен орындалды.

Кеңес төрағасының орынбасары Г.С. Қайсағалиева ғылыми кеңес мүшелерінің жоба жетекшісіне басқалай сұрағы бар ма деп сұрап, өзге сұрақ, пікір болмаса есепті бекітуді ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері № АР27510713 «Жер үсті және жер асты суларының экожүйелерінде антибиотикрезистентті шартты-патогенді бактериялардың таралуын бағалау» тақырыбындағы жобаның 2025 жылғы орындалуы туралы қысқаша ақпаратпен алдын ала танысқандарын айтып, оны бекіту туралы ұсынысты дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын № АР27510713 «Жер үсті және жер асты суларының экожүйелерінде антибиотикрезистентті шартты-патогенді бактериялардың таралуын бағалау» тақырыбындағы (ғылыми жетекшісі философия докторы (PhD) С.С.Бакиев) «Жас ғалым» ғылыми жобасының 2025 жылғы орындалуы туралы қысқаша ақпарат бекітілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі сегізінші мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын № BR28712767 «Орал өңірінің экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық-географиялық, палеобиогеографиялық аспектілерін зерттеу және оның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау» тақырыбындағы ғылыми техникалық бағдарламаның жетекшісі б.ғ.д., профессор Т.Е.Дарбаева орындалған ғылыми зерттеу жұмыстары туралы аралық есеп беріп, жасалған жұмыстардың барысына тоқтала отырып, ғылыми кеңес мүшелерінен аталған есепті бекітуді сұрады (есеп мәтіні тіркелді).

Кеңес мүшесі А.А. Ақболатов – жоба неше жылға есептелген?

Жоба жетекшісі Т.Е. Дарбаева – жоба 2025-2027 жж. аралығына есептелген, құрамы 75 адам, оның 19-ы шетелдік ғалым, университеттің әр факультетінен өкіл бар.

Кеңес төрағасының орынбасары Г.С. Қайсағалиева ғылыми кеңес мүшелерінің жоба жетекшісіне басқалай сұрағы бар ма деп сұрап, өзге сұрақ, пікір болмаса есепті бекітуді ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері өздерінің № BR28712767 «Орал өңірінің экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық-географиялық, палеобиогеографиялық аспектілерін зерттеу және оның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау» тақырыбындағы ғылыми техникалық бағдарламаның аралық есебімен алдын ала танысқандарын айтып, есепті бекіту туралы ұсынысты дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын № BR28712767 «Орал өңірінің экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық-географиялық, палеобиогеографиялық аспектілерін зерттеу және оның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау» тақырыбындағы (ғылыми жетекшісі: б.ғ.д., профессор Т.Е.Дарбаева) ғылыми техникалық бағдарламаның 2025 жылғы орындалуы туралы аралық есеп бекітілсін.

**Кеңес төрағасының
орынбасары:**

Қайсағалиева

Қайсағалиева Г.С.

Ғылыми хатшы:

Ниетова

Ниетова А.С.

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кеңесінің
2025 – 2026 оқу жылындағы**

қатысу парағы

28.10.2025 ж.

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қатысуы
1.	Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы	басқарма төрағасы-ректор	себеіттеі.
2.	Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы	тарих ғылымдарының докторы, академик	<i>Тұяқбай</i>
3.	Қайсағалиева Гүлжахан Смайылқызы	академиялық мәселелер бойынша проректор	Мамы -
4.	Ахмеденов Қажымұрат Мақсотұлы	ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор	<i>Ахмеденов</i>
5.	Сүлейменов Мерген Қуанышұлы	ТЖ және ӘМ жөніндегі проректор	<i>Сүлейменов</i>
6.	Бекжанова Жадыра Мұратқызы	БҚО білім басқармасы мектеп бөлімінің басшысы	себеіттеі
7.	Хусаинов Мерғали Серғазыұлы	ардагерлер кеңесінің төрағасы	<i>Хусаинов</i>
8.	Ниетова Айгүл Серікқызы	ғылыми хатшы	<i>Ниетова</i>
9.	Қажиахметов Салауат Абайұлы	кәсіподақ ұйымының төрағасы	<i>Қажиахметов</i>
10.	Есенғалиева Алмагүл Нәсіпқалиқызы	физика-математика факультеті деканының м.а.	<i>Есенғалиева</i>
11.	Тұрғымбаев Ақан Асқарұлы	жаратылыстану-география факультетінің деканы	себеіттеі
12.	Ерғалиева Гүлжан Алғазықызы	педагогика факультетінің деканы	<i>Ерғалиева</i>
13.	Қажымова Қарлығаш Рахымқызы	мәдениет және өнер факультетінің деканы	<i>Қажымова</i>
14.	Ақболатов Айдарбек Ахметұлы	филология факультетінің деканы	<i>Ақболатов</i>
15.	Испулова Роза Нәбиқызы	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент	<i>Испулова</i>
16.	Искакова Балым Габбасқызы	экономика ғылымдарының кандидаты, доцент	<i>Искакова</i>
17.	Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы	педагогика ғылымдарының докторы, профессор	<i>Қыдыршаев</i>
18.	Кульжумиева Айман Амангелдіқызы	физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)	<i>Кульжумиева</i>
19.	Сагидуллаев Дарын Зайнуллаұлы	БҚУ жас ғалымдар кеңесінің төрағасы	<i>Сагидуллаев</i>
20.	Ибатова Айнара Айтқалиқызы	музыкалық білім беру бағдарламасы- ның 1-курс магистранты	себеіттеі
21.	Нұрболат Нұржол Ерланұлы	физика-математика факультетінің 3-курс студенті, студенттік ректор	<i>Нұрболат</i>